

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2021 жылғы 6 қыркүйек

### 2021 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстанның сақтандыру секторының жай-күйі туралы

01.08.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында **27** сақтандыру ұйымы бар, оның **9** ұйымы – өмірді сақтандыру бойынша. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 0,5%-ға ұлғайып, **1,6 трлн теңге** болды. Ұлғаюға, негізінен, сату үшін қолда бар бағалы қағаздар көлемінің өсуі себепші болды.

Активтер құрылымында ең көп үлеске – бағалы қағаздардың **70,6% – 1,1 трлн теңге** тиесілі, олар 2021 жылғы шілдеде **21 млрд теңгеге** немесе 1,8%-ға ұлғайды. Екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған ақша қаражаты және салымдар 2021 жылғы шілдеде 2,6 млрд теңгеге немесе 1,4%-ға азайып, 192 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 11,4%-ы болды.

Сақтандыру дебиторлық берешегі 2021 жылғы шілдеде 206 млн теңгеге немесе 0,3%-ға ұлғайып, **71 млрд теңге** немесе жиынтық активтердің 4,2%-ы болды. Бұл ретте міндеттемелер 4,9 млрд теңгеге немесе 0,5%-ға ұлғайып, **975 млрд теңге** болды. Міндеттемелердің ұлғаюы, негізінен сақтандыру резервтерінің ұлғаюы есебінен болды, олар ең көп үлеске ие болды - 85,3% немесе **832 млрд теңге**.

Сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталы 2021 жылғы шілдеде 3,6 млрд теңгеге немесе 0,5%-ға ұлғайып, **707 млрд теңге** болды.

Сақтандыру секторының **таза пайдасы**, негізінен сақтандыру қызметінен алынған кірістер есебінен 2021 жылғы шілдеде **3,3 млрд теңге** болды.

**Сақтандыру сыйлықақыларының** көлемі **428 млрд теңге** болды, бұл өткен жылғы осындай кезеңге қарағанда 42,8%-ға көп. Соңғы 12 айда қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 32%-ға ұлғайды.

Оның ішінде **міндетті сақтандыру** бойынша өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда сақтандыру сыйлықақыларын

жинаудың 13,3 млрд теңгеге немесе 22,8%-ға ұлғаюы, негізінен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша (9,4 млрд теңгеге немесе 25,8%-ға ұлғаюы) байқалады. Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы өсуі 12 айда 15,7% болды.

**Ерікті жеке сақтандыру бойынша** өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының 75 млрд тенгеге немесе 73,7%-ға өсуі байқалады. Өсім, негізінен, өмірді сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру сыйлықақыларын жинаудың 2,2 есе немесе 47,3 млрд теңгеге және зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша 70%-ға немесе 17 млрд теңгеге ұлғаюына себепші болды. Соңғы 12 айда ерікті жеке сақтандыру бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының 51%-ға өсуі байқалады.

Жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны жылдың басынан бастап **6 437 801** болды, бұл 2020 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 35%-ға көп. Бұл өсуге КҚИ АҚЖМС бойынша жасалынған сақтандыру шарттары санының 462 967 бірлікке немесе 17,3%-ға, туристі сақтандыру шарттарының 228 350 бірлікке немесе 4,5 есе, өмірді сақтандыру шарттарының 438 295 бірлікке немесе 55,6%-ға және жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарттарының 91,9%-ға немесе 407 612 шартқа ұлғаюы себепші болды.

01.08.2021ж. жағдай бойынша жалпы сомасы **69,1 млрд теңгеге 408 173** төлем жүзеге асырылды, бұл өткен жылғы осындай кезеңге қарағанда 29,2%-ға аз. Соңғы 12 айда төлемдерді жүзеге асыру бойынша шығыстар 47,4%-ға азайды.

Неғұрлым толық ақпаратты Агенттіктің: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/207220?lang=ru> сайтынан алуға болады

**Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша call-орталыққа төмендегі нөмір бойынша хабарласыңыз: +7 (727) 237 1000**

**Жұмыс кестесі дүйсенбі-жұма күндері сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін**

**Баспасөз қызметі  
+7 (727) 237 1090, [press@finreg.kz](mailto:press@finreg.kz)**